Акционерлік қоғам болып табылатын эмитент депозитарийдің интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілікті, корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, акционерлік қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімін, сондай-ақ жыл қорытындылары бойынша атқарушылық орган мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 болып тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орналастыруды қамтамасыз етеді.

Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 102- бабының 2-тармағында қамтылатын өзгерістерді эмитент олар туындаған кезден бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру және бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты жариялау арқылы бағалы қағаздарды ұстаушылардың назарына Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 болып тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысында белгіленген тәртіппен жеткізеді.

1	Осы облигация шығарылымы «Цеснабанк» акционерлік қоғамының төртінші облигациялық бағдарлама анықтамалығына сәйкес жүзеге асырылады.					
2	Облигациялық бағдарлама туралы мәлімет					
1)	облигациялық бағдарлама анықтамалығын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі			04.12.14ж. №Е76		
2)	шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарлама көлемі			500 000 000 000 теңге		
3)	облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымының реттік нөмірі:			алтыншы		
4)	Төртінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигацияның бұрынғы шығарылымы туралы мәлімет.					
	шығарылымның реттік нөмірі	үзкілетті органда шығарылымды тіркеу күні	облигациялар түрі	облигациялар саны (дана)	номиналды құн бойынша шығарылым көлемі (тг)	шығарылымның орналастырылған облигациялар саны
	1	04.12.14ж	қамтамасыз етусіз купондық облигациялар	30 000 000 000	30 000 000 000	-
	2	04.12.14ж	қамтамасыз етусіз купондық облигациялар	30 000 000 000.	30 000 000 000	-
	3	04.12.14ж	қамтамасыз етусіз купондық облигациялар	30 000 000 000	30 000 000 000	-
	4	04.12.14ж	қамтамасыз етусіз купондық облигациялар	30 000 000 000	30 000 000 000	-
	5	04.12.14ж	қамтамасыз етусіз дәрежеленген купондық облигациялар	20 000 000 000	20 000 000 000	-

3	Облигациялар шығарылымы туралы мәлімет	
1)	облигация түрі	Осы анықтамалықта қарастырылған облигацияларды акцияға айырбастау шарттарына сәйкес тәртіпте және жағдайларда Банктің жай акцияларына айырбасталатын атаулы купондық дәрежеленген қамтамасыз етусіз облигациялар (бұдан әрі – Облигациялар)
2)	бір Облигацияның номиналды құны	1 000 (Бір мың) теңге.
3)	шығарылатын Облигация саны	100 000 000 (Жүз миллион) дана
4)	шығарылымның жалпы көлемі	100 000 000 000 (Жүз миллиард) теңге.
5)	Облигациялар бойынша сыйақы:	
	сыйақы мөлшерлемесі	Облигациялар айналымының бүкіл мерзімінде Облигациялардың номиналды құнынан жылдық 4% мөлшерінде бекітілген
	Облигациялар бойынша сыйақы есептеудің басталған күні	Облигация айналымының басталған күні
	сыйақы төлеу күні мен мерзімділігі	Айналымның бірінші жылы үшін төлем екі траншпен: бірінші транш айналым басталған күннен бастап 30 (отыз) күн үшін, екінші транш қалған 330 (үш жүз отыз) күн үшін бірінші транш аяқталған күннен бастап жүргізіледі. Сыйақы бойынша кейінгі төлемдер осы Анықтамалықта қарастырылған тәртіпте, атап айтқанда Облигациялар айналымы басталған күннен бастап жылына бір рет жүргізіледі.
	сыйақы төлеудің тәртібі мен шарты, сыйақы алу тәсілі, Облигациялар бойынша сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі	Сыйақы төлеу теңгемен ақшаны бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімін тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінің ішінде облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына аудару арқылы жүргізіледі. Облигация ұстаушыларының тізілімі тиісті купондық кезеңнің соңғы күнінің басына белгіленеді. Сыйақыны соңғы рет төлеу облигациялар бойынша қарыздың негізгі сомасын төлеумен бір уақытта жүргізіледі. Сыйақы 360/30 (жылда 360 күн / айда 30 күн) уақыт базасына негізделе отырып купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесіне облигацияның номиналды құнын жүргізу ретінде есептеледі.
6)	номиналды құн валютасы, Облигациялар бойынша негізгі қарыз және (немесе)	Барлық төлемдерді (сыйақыны және қарыздың негізгі сомасын төлеуді) Банк Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүзеге асырады.



	есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы	
7)	Облигацияларды орналастыру басталған және аяқталған күн	<p>«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – сауда-саттық ұйымдастырушысы) бағалы қағаздар ресми тізіміне облигацияның қосылған күні Облигациялар орналастырудың басталған күні болып табылады.</p> <p>Облигациялар орналастырудың аяқталған күні Банктің дербес шотынан Облигацияларды есептен шығару және оларды Облигациялар Ұстаушыларының дербес шоттарына есепке алу арқылы бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдері жүйесіндегі 3-тармақшада көрсетілген мөлшерде Облигациялармен жасалған мәмілені тіркеуден өткізген күн болып есептеледі.</p> <p>Аталған жағдайда Банк немесе Банкпен ерекше қарым-қатынастағы байланысы бар, сол арқылы Банк бақылау жүргізетін немесе оның қызметіне елеулі түрде ықпал ететін тұлға Облигациялар сатып алуға құқылы емес, демек, Банк те тура немесе жанама түрде Облигациялар сатып алуды қаржыландыруға құқылы болмайды.</p> <p>Облигацияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастыру сауда-саттық ұйымдастырушыларының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.</p> <p>Облигацияларды орналастыру мерзімі мен шарттары туралы ақпарат Банк (www.tsb.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарий (www.dfo.kz) сайттарында орналастырылады.</p>
8)	Облигациялар айналымының басталған күні, айналым мерзімі	Облигациялар бойынша бірінші сауда-саттық күні облигация айналымының басталған күні болып табылады. Облигациялар айналымының мерзімі – Облигациялар айналымы басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл.
9)	Облигациялар айналымы жүргізілетін нарық	Облигациялар айналымы бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында жүргізу жоспарлануда
10)	Орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілі	Орналастырылатын облигациялар ақшамен төленеді. Төлеу тәртібі мен шарттары сауда-саттық ұйымдастырушысының ішкі құжаттарымен анықталады.
11)	Облигацияларды өтеу тәртібі:	
	Облигацияларды өтеу күні	Облигациялар айналымы басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл аяқталғаннан кейін
	Облигацияларды өтеу талаптары, Облигацияларды өтеу тәсілі	Облигациялар соңғы кезең үшін бір уақытта сыйақы төлеумен бірге Облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінің ішінде ақшаны Облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына аудару арқылы теңгемен номиналды құны бойынша олардың айналымда болу мерзімі өткеннен кейін өтеледі. Облигацияларды өтеу Облигациялардың номиналды құнын және соңғы кезең үшін сыйақы сомасын Облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына қолма-қол ақшасыз аудару арқылы жүргізіледі.
12)	Банктің Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу құқығы	Банктің бастамасы бойынша Облигацияларды Банктің мерзімінен бұрын сатып алуы (қайтарып алуы/орындауы) Облигациялар айналымы басталған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін және төмендегі барлық шарттарды бір уақытта орындаған кезде ғана мүмкін: а) бұл әрекет Банк капиталының жеткіліктілік коэффициенті мәнінің уәкілетті орган белгілеген мәнінен төмендеуіне әкелмейді; б) Банктің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуға (қайтарып алуға/орындауға) уәкілетті органның оң қорытындысы болуы; в) айырбас ретінде дәл осындай немесе жақсы сападағы капиталды ұсыну; г) Банк капиталдануының Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу (қайтарып алу/орындау) нәтижесінде капиталдың талап етілетін ең төменгі деңгейінен жоғары деңгейге дейін жақсаруы.
13)	Облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және басқа қамтамасыз етілген облигацияларды шығару кезінде)	Осы Облигациялар қамтамасыз етілген, Банктің немесе байланысты тұлғаның кепілдігімен өтелген болып табылмайды және қандай да бір азаматтық құқықтық шарттардан және эмитент-банктің басқа кредиторларының алдында басымдыққа ие басқа да талаптардан шығатын міндеттемелерді қарастырмайды.

	<p>14) концессия шартының және инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде мемлекет кепілдемесін беру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының деректемелері</p>	<p>Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды</p>
<p>4</p>	<p>Айналым мерзімі өткен Банктің бұрын шығарған облигациялары бойынша талап ету құқығымен төленетін облигацияларды шығару кезінде, осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі</p>	<p>Облигациялардың осы шығарылымына қолданылмайды</p>
<p>5</p>	<p>Айырбасталатын облигациялар:</p>	
	<p>1) Облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және бағасы, осындай акциялар бойынша құқықтар</p>	<p>Облигациялар Банктің жай акцияларына айырбасталады. Банктің Облигациялар соларға айырбасталатын жай акцияларының жалпы саны айырбасталатын Облигациялардың саны мен айырбастау коэффициентінің көбейтіндісі ретінде есептеледі. Банктің Облигациялар соларға айырбасталатын жай акцияларының айырбастау коэффициентін пайдалану арқылы алынған жалпы саны төмендегі ережелерге сай дөңгелектелуі тиіс: тұтас санның оннан бір бөлігі есепке алынады (үтірден кейін бір сан); бестен бастап тоғызға дейінгі сандар нөлге дейін дөңгелектеледі және тұтас сан бірге арттырылады; нөлден бастап төртке дейінгі сандар нөлге дейін дөңгелектеледі және тұтас сан өзгертілмейді.</p> <p>Айырбастау коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:</p> $\text{Айырбастау коэффициенті} = \frac{\text{Бір Облигацияның құны}}{\text{Банктің бір акциясының қалдық құны}}$ <p>осындағы,</p> <p>а) Бір Облигацияның құны бір Облигацияның және айырбастау күніндегі ол бойынша есептелген (төленбеген) сыйақының номиналды құнының сомасы ретінде есептеледі;</p> <p>б) Банктің бір акциясының қалдық құны келесі формула бойынша есептеледі:</p> $\text{Банктің бір акциясының қалдық құны} = \frac{\text{БМК} - T - A}{\text{Банктің орналастырылған акцияларының саны}}$ <p>осындағы,</p> <p>а) БМК – айырбастау күніндегі Банктің баланстық меншікті капиталы;</p> <p>б) T – егер осының алдында мақұлданған және амортизацияланған табыс болатын болса, онда айырбастау күніндегі ХҚЕС-ке сәйкес Облигациялар айырбастаудың нәтижесінде жүргізілетін, Облигациялар бойынша осындай бұрын мақұлданған және амортизацияланбаған табыс сомасына Банктің баланстық меншікті капиталын азайту бойынша</p>

			<p><i>бухгалтерлік жазбалар (түзетулер);</i></p> <p><i>с) А – соңғы есеп беру күніне провизияларды құру бойынша нұсқаулыққа сәйкес есептелген провизиялар (резервтер) мен ХҚЕС және бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес айырбастау күніне құрылған және банктің бухгалтерлік есебінде көрсетілген провизиялар (резервтер) арасындағы оң айырмашылық (бұдан әрі – Оң айырмашылық)</i></p> <p>Уәкілетті органның облигацияларды айырбастау туралы шешім қабылдаған күннің алдындағы жұмыс күні айырбастау күні болып табылады.</p> <p><i>Егер (БМК–Т – А) облигациялар шығарылымының жалпы көлемінен ≤ 1% болатын болса, айырбастау коэффициенті мына формула арқылы есептеледі:</i></p> <p>Айырбастау коэффициенті</p> $= \frac{\text{Банктің орналастырылған акцияларының саны} * 99}{\text{айырбасталатын Облигациялар саны}}$ <p>Облигациялар айырбасталатын Банктің жай акцияларын орналастыру бағасы Облигациялар шығарылымының анықтамалығына сәйкес Облигацияларды Банктің жай акцияларына айырбастау үшін қажетті бағаға тең. Банктің соларға Облигациялар айырбасталатын жай акцияларын ұстаушылар басқа акционерлер – Банктің жай акцияларын ұстаушылар сияқты құқықтарға ие болады.</p>
2)		<p>облигацияларды акцияларға айырбастау тәртібі және шарттары</p>	<p>Облигация ұстаушылары Облигацияларды Банктің жай акцияларына айырбастауды осы Анықтамалық шарттарына сәйкес Банк қабылдаған бір және (немесе) бірнеше шектеуді (ковенант) бұзған жағдайда ғана жүзеге асыруға құқылы.</p> <p>Анықтамалық шарттарына сәйкес Банк қабылдаған шектеуді (ковенант) бұзу фактісі, Облигацияларды Банктің жай акцияларына айырбастау туралы шешім, Облигациялар айырбасталатын Банктің жай акциялары саны және айырбасталатын Облигациялардың саны уәкілетті орган Басқармасының шешімімен анықталады.</p> <p>Уәкілетті орган Банкке шектеуді (ковенант) бұзу белгілерінің анықталуы туралы алдын ала хабарламаны жолдағаннан кейін және Банк аталған хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ұсынылған негізді келіспеушіліктермен (растау құжаттарының көшірмелерін қоса берумен) жазбаша жауапты қарастырғаннан соң Уәкілетті орган Басқармасының шешімі қабылданады. Уәкілетті орган хабарламасында Облигациялар айырбасталатын Банктің жай акциялары санының алдын ала есебі және айырбасталатын Облигациялардың саны көрсетіледі. Банктің аталған хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға жазбаша жауапты ұсынбауы негізді келіспеушіліктердің жоқ екендігін білдіреді.</p> <p>Облигацияларды жай акцияларға айырбастау келесі тәртіпте жүргізіледі:</p> <p>(i) Анықтамалық шарттарына сәйкес Банк өзі қабылдаған шектеуді (ковенант) бұзған жағдайда, уәкілетті органның Басқармасы Анықтамалық шарттарына сәйкес Банк қабылдаған шектеуді (ковенант) бұзу фактісінің болуы, Облигацияларды Банктің жай акцияларына айырбастау туралы шешім қабылдайды және Облигациялар айырбасталатын Банктің жай акцияларының санын және айырбасталатын Облигациялардың санын бекітеді;</p> <p>(ii) уәкілетті орган шешім қабылданғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, Облигацияларды айырбастау құқығын іске асыру үшін Облигация ұстаушыларына және Банкке уәкілетті орган Басқармасы</p>




		<p>шешімінің көшірмесімен қоса жазбаша хабарламаны жолдайды;</p> <p>(iii) Облигация ұстаушылары уәкілетті органның жазбаша хабарламасын алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ-тың Банктің Облигацияларын оның жай акцияларына айырбастау туралы жазбаларды енгізу операцияларын жүргізуі бойынша шаралар қолданады.</p> <p>Банк Облигациялардың айырбасталуын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес барлық қажетті іс-әрекеттерді қолдануға міндетті.</p> <p>Облигацияларды айырбастауға құқық осы Анықтамалық шарттарына сәйкес Банк қабылдаған шектеулердің (ковенанттар) қолданыс кезеңінің ішінде әрекет етеді.</p> <p>Облигацияларды Банктің жай акцияларына айырбастау бұндай айырбастау үшін қандай да бір сыйақысыз жүзеге асырылады.</p> <p>Банк және оның акционерлері Облигация ұстаушыларынан айырбастау күніне Банктің бір акциясының қалдық құны мен Банктің жай акциясының нарықтық құны арасындағы айырмашылық нәтижесіндегі қандай да бір төлемдерді алуға құқылы.</p> <p>Облигациялар Банктің жай акцияларына айырбасталған жағдайда, Облигациялардың шығарылымы уәкілетті орган Басқармасының шешіміне сәйкес ішінара немесе толық айырбасталады.</p> <p>Облигациялар шығарылымы толық айырбасталған жағдайда, Облигациялар шығарылымы айырбастау аяқталған күннен бастап бір ай ішінде жойылуға жатады.</p> <p>Облигациялардың шығарылымы толық айырбасталмаған жағдайда, сатып алынған Облигациялар Банктің одан әрі иеліктен айыруына жатпайды және айналыс мерзімінің соңында өтеледі.</p>
6	Облигация ұстаушыларының өкілі туралы мәлімет	Облигацияларды ұстаушылардың өкілі «Private Asset Management» АҚ болып табылады, орналасқан мекенжайы: 050020, Алматы қ., Тайманов к-сі, 167А үйі Байланыс телефоны (8727)267-77-17. 2015 жылғы 27 сәуірдегі №2 Облигацияларды ұстаушылардың өкіліне қызмет көрсету шарты
7	Төлем агенті туралы мәлімет	Купондық сыйақыны және Облигациялардың номиналды құнын Банк дербес төлейді
8	Эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне қосу және сол тізімде болу бойынша кеңес беру қызметтерін көрсететін тұлға туралы мәлімет	Жоқ
9	Облигацияның оның ұстаушысына беретін құқықтары:	
	1) Облигация ұстаушысы құқылы:	<p>а) Облигациялардың номиналды құнын, сондай-ақ осы Анықтамалықта қарастырылған шарттар мен мерзімде тіркелген сыйақы алуға;</p> <p>б) осы Анықтамалықта қарастырылған айырбастау шарттары мен тәртібіне сәйкес Облигацияларды Банктің жай акцияларына айырбастауға;</p> <p>в) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіп пен шарттарда ақпаратты алуға;</p> <p>г) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа құқықтар.</p> <p>Банк таратылған жағдайда Облигациялар бойынша талаптар (қамтамасыз етілмеген міндеттеме) акционерлер-жай акция меншіктенушілерінің талаптарына дейін сегізінші кезекте қанағаттандырылады.</p>
	2) Облигация ұстаушысы құқылы емес	Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу (қайтарып алу/орындау) туралы талапты ұсынуға. Облигация ұстаушылары шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда Банктің Облигацияларды қайта сатып алуға түрткі болатын Облигация ұстаушыларына құқық беретін осы

		Облигациялар шығарылымының шектеулерін (ковенанттарын) Банк қабылдамайды.
3)	Егер сыйақыны және (немесе) негізгі қарызды төлеу облигациялар шығарылымының анықтамалығына сәйкес басқа мүліктік құқықтармен жүргізілсе, осы құқықтардың сипаттамасы, оларды сақтау тәсілдері, бағалау тәртібі мен көрсетілген құқықтардың бағалауын жүргізуге құқылы тұлғаларды, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын жүзеге асыру тәртібі	Бұл шарт осы Облигациялар шығарылымына қолданылмайды.
10	Банктің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар туралы мәлімет:	
1)	Банктің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар тізбесі	<p>Банк Облигациялары бойынша дефолт – осы Анықтамалықта белгіленген сыйақыны және/немесе негізі қарызды төлеу мерзімдері аяқталған күннен кейінгі күннен бастап есептелетін облигациялар бойынша сыйақыны (купон) және/немесе номиналды құнды төлемеу немесе толық көлемде төлемеу.</p> <p>Егер мұндай төлемеу және/немесе толық көлемде төлемеу Банк Облигация ұстаушыларының банктік шотының дұрыс деректемелерін алмаған немесе толық көлемде алмаған жағдайларда орын алатын болса, және ол Банктің сыйақы және/немесе номиналды құнды төлеуіне мүмкіндік бермейтін болса, Облигациялар бойынша сыйақы және/немесе Облигациялардың номиналды құнын осы Анықтамалықта белгіленген мерзімдерде төлемеу немесе толық көлемде төлемеу Облигациялар бойынша дефолт болып саналмайды. Егер Банктің орындамауы еңсерілмейтін күш жағдайының салдарынан болса, Банк осы Анықтамалық бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Басталуын алдын ала болжауға немесе болдырмауға мүмкін болмаған жағдайлар еңсерілмейтін күш жағдайы болып түсініледі. (апаттық зілзала, әскери іс-әрекеттер, тыйым салу және шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілері және т.б.). Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде, Банктің осы Анықтамалық бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі бұндай жағдайлар мен олардың салдарының әрекет ететін уақыт кезеңіне сәйкес тоқтатылады.</p>
2)	Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Банктің қолданатын шаралары	<p>Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Банк және акционер/(лер) дефолтты туғызған себептерді жою үшін, сондай-ақ Облигация ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін шараларды қолданады. Сол үшін Банктің тиісті органымен дефолтты туғызған себептерді жою үшін шаралар, соның ішінде Банктің қаржылық жағдайын жақсарту бойынша шаралар жоспары әзірленеді және бекітіледі.</p> <p>Осы Облигациялар шығарылымы бойынша дефолт басталған жағдайда Облигация ұстаушыларының талаптарын қанағаттандыру осы Анықтамалықта және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіпте және шарттарда жүзеге асырылады.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Банктің міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіпте және шарттарда жүзеге асырылады.</p> <p>Банктің кінәсі бойынша купондық сыйақыны және/немесе негізгі қарызды Анықтамалықта белгіленген мерзімде төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда, Банк осы шығарылымның Облигация ұстаушыларына мерзімі кешіктірілген әр күн үшін ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі (яғни, төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні) Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру</p>

		бойынша ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып өсімақы төлейді.
3)	Банктің дефолт фактілері туралы ақпаратты облигация ұстаушыларына жеткізу тәсілдері, тәртібі және мерзімі	Дефолт басталған жағдайда, Банк Облигациялар бойынша дефолттың туындау себептерін, орындалмаған міндеттемелер көлемін толыққанды сипаттау және Банкке талап қою арқылы жүгіну тәртібін қоса алғанда өз талаптарын қаағаттандыру үшін Облигация ұстаушыларының ықтимал іс-әрекеттерінің тізбесін көрсетумен бірге жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Анықтамалықта белгіленген міндеттемелерді орындау күнінен 3 (үш) жұмыс күні бұрын дефолттың туындау айғағы туралы Облигация ұстаушыларына хабарлауға міндетті.
4)	эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда Банктің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиялық жауапкершілікте болатын тұлғалармен жасалған шарттың күні мен нөмірі	Жоқ
11	Шектеулер (ковенанттар)	<p>Банк өз қызметінде Облигациялар айналымы басталған күннен бастап 5 (бес) жылдың ішінде әрекет ететін және олардың кез келгенін бұзу осы Анықтамалықта қарастырылған айырбастау тәртібіне және шарттарына сәйкес Облигациялар ұстаушыларына Облигацияларды Банктің жай акцияларына айырбастау құқығын жүзеге асыруға алып келетін келесі шектеулерді (ковенанттарды) қабылдайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Банк меншікті капиталының уәкілетті орган белгілеген жеткіліктілік коэффициентін орындауға міндеттенеді. 2. Банктің басшылық ететін қызметкерлерінің және оның акционер(лер)інің тарапынан Банк активтеріне қатысты әрекет ету фактілерінің жоқ болуы. <p>Банк активтерін шығару ретінде нәтижесінде Банктің қаржылық жағдайының және/немесе төлем қабілеттілігінің нашарлауына алып келуі мүмкін Банкке айтарлықтай залал келтірген немесе келтіруі мүмкін келесі жағдайлар түсіндіріледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Банк мүлкін аталған мүлікті ұстауға және сатуға байланысты Банктің барлық шығыстарын ескерумен аталған мүліктің тәуелсіз бағалаушы анықтаған нарықтық құнынан төмен құны бойынша үшінші тұлғаларға сату/иеліктен шығару; - үшінші тұлғалардан сапасы төмен немесе тәуелсіз бағалаушының анықтаған нарықтық құнынан жоғары баға бойынша мүлікті және (немесе) қызметтерді сатып алу немесе үшінші тұлғалардан соған ұқсас мүлік және (немесе) қызметтер сатып алынбаған жағдайларда; - ұйымдастырылған нарық айналымындағы бағалы қағаздарды Банктің номиналды ұстаушылары-Қазақстан Республикасының резиденттерінде және бейрезиденттерінде ашылған дербес шоттарынан, сондай-ақ тізлім жүйесінде нарықтық құнынан төмен құны бойынша үшінші тұлғаларға сату/иеліктен шығару; - қалыпты қызмет шеңберінен шығатын ерекше, әдеттен тыс немесе ауыртпалықты шарттарды жасасу, сонымен қатар әдейі қайтарымсыз қарыздарды немесе жеңілдікті шарттарда қарыздарды беру; - уәкілетті орган бекіткен Қарыздар мен дебиторлық берешек түрінде банк активтерін құнсыздандыру бойынша провизиялар (резервтер) құру жөніндегі нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) сәйкес дербес негіздеме бойынша Нұсқаулықпен анықталған кепілдің қатты емес түріне жатпайтын қамтамасыз етумен бағаланатын қарызды өтеу деңгейінің 70% (жетпіс пайыз) және одан да астам пайызға төмендеуі; - Банк мүлкін шарт міндеттемелері бойынша кеңшілік жасау ақысы ретінде тапсыру, егер Банк өзімен ерекше қарым-қатынастағы байланысы бар тұлғамен шарт жасасып, шарт талаптарын орындамаса, шарттағы кеңшілік жасау ретіндегі мүлік Банкпен ерекше қарым-қатынастағы байланысы бар

		<p>тұлғаға тапсырылады;</p> <p>- Банкке және Банктің еншілес ұйымдарына қызмет үздіксіздігі қағидасы бойынша шаруашылық қызметін Облигациялар айналымы басталған күні жүзеге асырылатын қалыпты шаруашылық қызметі тәртібінде жүзеге асыруға кедергі келтіретін әрекеттердің жүргізілуі.</p> <p>Аталған шектеулер (ковенанттар) активтер сапасын жақсарту, соның ішінде проблемалық активтерді қайтару шеңберіндегі Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және процедураларына сәйкес жүргізілетін Банктің іс-шараларына қолданылмайды.</p> <p>Егер Банк Облигациялар айналым басталған күннен бастап 5 (бес) жыл өткенге дейін Банктің меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициентінің мәнін (k1, k1-2, k2) 100 (жүз) пайыз мөлшеріндегі негізгі капитал есебінен соңғы есептік күнге Оң айырмашылық мөлшерін есептеп шығару шартында уәкілетті орган белгілеген меншікті капитал буферлерін ескерумен меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициентінің ең аз мәнінен (k1, k1-2, k2) асатын деңгейге дейін жеткізген жағдайда Анықтамалықта келтірілген шектеулер (ковенанттар) уәкілетті орган аталған фактіні белгілеген күннен бастап күшін жояды.</p>
12	Опциондар туралы ақпарат	Осы облигациялар шығарылымымен опциондар қарастырылмаған
13	Сыйақы мен негізгі қарызды төлеу үшін қажетті Банктің ақша қаражаты мен дереккөздері бойынша болжам	1-қосымшаны қараңыз.
14	Облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдалану	<p>Банктің Облигациялар орналастырудан алған ақшасы толық көлемде уәкілетті органның шығарған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын сатып алуға жіберіледі.</p> <p>Уәкілетті органмен келісу арқылы Банк босаған соманы Банк пен оның филиалдарының қызметін жандандыруға бағыттау арқылы сатылы түрде мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізуге құқылы.</p>

Басқарма Төрағасы




Е. Таджияков


Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің
Үлгілік Банкі
Республикасының қаржылық мекемесі

С. А. А.

2017 ж. 09

С. А. А.
Пронито и пронумеровано
25 листа (ов).
Председатель Правления
И. О. Главный бухгалтер
И. О.





СВИДЕТЕЛЬСТВО

о государственной регистрации выпуска ценных бумаг

09 октября 2017 года

г. Алматы

№ Е76-6

Национальный Банк Республики Казахстан произвел государственную регистрацию шестого выпуска облигаций в пределах четвертой облигационной программы акционерного общества «Цеснабанк» (Республика Казахстан, 010000, г. Астана, ул. Сыганак, д.24), зарегистрированного БИН 920140000084.

Выпуск разделен на 100.000.000 (сто миллионов) именных купонных субординированных облигаций без обеспечения, конвертируемые в простые акции, которым присвоен национальный идентификационный номер **KZR06Y15E762**.

Номинальная стоимость одной облигации 1.000 (одна тысяча) тенге.

Объем выпуска облигаций составляет 100.000.000.000 (сто миллиардов) тенге.

Выпуск внесен в Государственный реестр эмиссионных ценных бумаг за номером **Е76-6**.

Заместитель Председателя



Курманов Ж.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй
тел: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

09.10.17 № 53-11-07/1521

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

050040, г. Алматы, Коктем-3, дом 21
тел: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

АО «Цеснабанк»

010000, г. Астана
ул. Сыганак, 24
тел 8 717 2 770 875

**О государственной регистрации выпуска
облигации в пределах облигационной программы**

Национальный Банк Республики Казахстан произвел государственную регистрацию шестого выпуска облигаций в пределах четвертой облигационной программы АО «Цеснабанк» и направляет соответствующее свидетельство и один экземпляр проспекта выпуска облигаций с отметкой уполномоченного органа о регистрации.

Напоминаем о необходимости представления в уполномоченный орган отчетов об итогах размещения облигаций в сроки, установленные пунктом 2 статьи 24 Закона Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг».

Вместе с тем, в целях обеспечения оценки эффективности деятельности Национального Банка Республики Казахстан и повышения качества оказываемых государственных услуг, просим заполнить прилагаемую карточку оказания государственной услуги. Данная карточка заполняется первым руководителем (либо лицом, его замещающим) и подлежит возврату в уполномоченный орган в течение пятнадцати календарных дней с даты получения.

Кроме того, обращаем внимание на то, что в случае принятия решения о выпуске облигаций, облигационной программы и выпуска облигаций в пределах облигационной программы, услугополучатель в соответствии со Стандартом государственной услуги «Государственная регистрация выпуска негосударственных облигаций», утвержденным постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 30.04.2015г. № 71, имеет возможность получения указанной государственной услуги в электронной форме через веб-портал «электронного правительства»: www.egov.kz

Заместитель Председателя

Курманов Ж.

Исп.: Букенбаева Г.О.
Тел.: +7 (727) 2 788 104 (5612)

«ЦЕСНАБАНК» АҚ	
АО «ЦЕСНАБАНК»	
КІРІС	№ 02/28984
ВХОД	» 11.10.2017 ж.г.

№ 0069393

Приложение к протоколу от 11.10.17г. Облс -